

2024 жылдың 1 наурызында «Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн» факультетінде Жерге орналастыру, геодезия және картография қызметкерлерінің күніне және қазақ ақыны, жазушысы С.Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына арналған «Геодезия, жерге орналастыру және кадастрадағы инновациялық технологиялар» форумы өтті. Форумға:

- ✚ Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығының (БҒӨО) өкілі - техникалық бақылау басқармасының басшысы Сакан Мәди Сәдуақасұлы,
- ✚ "Leica Geosystems" ЖШС- тен Ыдырысов Кирилл Васильевич пен Нарбаев Нұржан Мұратұлы қатысты.

Форум екі секцияға бөлінді. "Геодезия және картография" кафедрасының секциясы "Дәлдігі, сапа, кәсіптік" тақырыбындағы геодезиялық эстафетасы форматында жұмысын жалғастырды. Эстафетаға 2-3 курс студенттері, магистранттар мен докторанттар қатысты. Эстафетада "Sirius", "GiKGroup", "GeoSherif", "Геосат" 4 команда өнер көрсетті.

Эстафетаның мақсаты: өзінің таңдаған мамандығына құрмет көрсету, білімге негізделген шеберлікті насихаттау, мерекелік көңіл-күй қалыптастыру, талантты студенттерді анықтау.

Міндеттері: білім беру-студенттерді өздерінің жеке қасиеттерін көрсетуге үйрету, олардың білімдерін өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын ояту; тәрбиелік-ұжымда бірлік сезімін, өзара көмек, "Салауатты бәсекелестік рухын" тәрбиелеу.



+15